

Мемлекеттік кәсіпорынның өзіне бекітіліп берілген мүлікке шаруашылықты жүргізу құқығымен иелік ету тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 қараша N 1163. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Меншік туралы" және "Кәсіпорындар туралы" Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Мемлекеттік кәсіпорынның өзіне берілген мүлікке шаруашылықты жүргізу құқығымен иелік ету тәртібі туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары ведомстволық нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 қарашадағы
N 1163 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорынның өзіне бекітіліп берілген
мүлкіне шаруашылықты жүргізу құқығымен иелік ету
тәртібі туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Меншік туралы" және "Кәсіпорындар туралы" Заңдарының негізінде әзірленді және мемлекеттік кәсіпорындарға бекітіліп берілген негізгі қорларды сатудың, айырбастаудың, уақытша пайдалануға яки қарызға берудің мынадай тәртібін көздейді:

1. Кәсіпорын өзіне қарасты негізгі қорларды (автокөлік, пен негізгі табындағы барлық түлік түрлерінен басқасын) басқа мемлекеттік құрылымдарға м ы н а д а й т ә р т і п п е н :

негізгі құралдардың біреуінің баланстық құны бір мың теңгеге дейінгілерін қ о с а а л ғ а н д а - ө з д і г і н е н ;

1 мың теңгеден жоғары, бірақ 2 мың теңгеден аспайтын мүлікті жоғары т ұ р ғ ы н ұ й ы м н ы ң р ұ қ с а т ы м е н ;

2 мың теңгеден жоғары, бірақ 100 мың теңгеден аспайтын мүлкі - мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттердің рұқсатымен;
100 мың теңгеден жоғары мүлікті - Қазақстан Республикасы Меммүліккомының рұқсатымен сатуға, айырбастауға, уақытша пайдалануға, яки қ а р ы з ғ а б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Кейін 1 қаңтардағы жағдай бойынша аталған лимиттерді инфляцияның жылдық индексіне байланысты жыл сайын дәлдеп отыруға жол беріледі. Мүлікті сатудан және оның қолдан кетуінен түскен сома кәсіпорынның қарамағында қалады және кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жатқызылады .

2. Мемлекеттік мекемелер бухгалтерлік баланстарын негізгі құралдарды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Негізгі құралдардың (корлардың) жарамсыз болып қалған объектілерін есептен шығарып тастаудың тәртібі туралы" нұсқауының 4-тармағына сәйкес шығара алады.

20 мың теңгеден асатын мүлік есептен мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттердің рұқсатымен шығарылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттердің рұқсатымен :

өз қызметкерлеріне пайдалану мерзімі біткен автокөліктерді;
өз қызметкерлеріне және басқа ұйымдарға негізгі табындағы барлық түлік түрлерін с а т а а л а д ы .

4. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер азаматтарға мүлікті, сондай-ақ мемлекеттік меншік болып табылмайтын заңды тұлғаларға мүлікті (автокөлікті, табындағы барлық түлік түрлерін қоса) сату мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттер ұйымдастыратын аукциондар немесе коммерциялық конкурстар арқылы жүзеге асырылады. Мүлікті сатудан түскен қаражат былайша б ө л і н е д і :

мемлекеттік кәсіпорынға мүлікті қалдық құнына сәйкес сома бөлінеді, бұл сома оның шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жатқызылады;
аукциондар ұйымдастыру мен өткізуге жұмсалған қаражат шығарып тасталғаннан кейін қалған сома жекешелендіруден түсетін қаражаттың арнаулы ш о т ы н а а у д а р ы л а д ы .